Әділет

# Инвестициялық келісімшартты орындау бойынша жартыжылдық есептердің үлгісін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 182 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 25 маусымда № 7757 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 229 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.07.2013 № 229 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса берілген инвестициялық келісімшартты орындау бойынша жартыжылдық есептердің үлгісі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестиция комитеті (А.Ж. Серіков) заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Министр* *Ә. Исекешев*

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2012 жылғы 1 маусымдағы
№ 182 бұйрығымен бекітілген

Нысан

**Инвестициялық келісімшартты орындау бойынша жартыжылдық есеп 20__ ж. _______ жартыжылдық**

________________________________________________ ________________________________

(Инвестициялық келісімшарт жасаған заңды тұлғаның атауы) (Жобаны іске асыру орны)

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-бөлім. Тіркелген активтерге инвестициялар, мың теңге** | | | | | | |
| Р/н № | Шығын баптары | Жоспар | Дерек | ауытқулар (+;-) | Ауытқуының себебі | Растау құжаттары атауы, №, күн |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1.1 | | | | | | |
| | Пайдалануға енгізген күні | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| | **Жиыны:** | | | | | |
| **2-бөлім. Технологиялық жабдыққа қосалқы бөлшектер, шикізаттар мен материалдар импорты, өлшем бірлігі** | | | | | | |
| 2.1 | **Қосалқы бөлшек** | | | | | |
| 2.1.1 | *Атауы* | | | | | |
| | Теңгерім есептерінде кірістерді растайтын құжат | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| 2.2 | **Шикізат және материалдар** | | | | | |
| 2.2.1 | | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |
| | **Жиыны:** | | | | | |
| **3-Бөлім. Өндірістік көрсеткіштер ______________________________ (шығарылған** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **өнімдердің атауы)** | | | | | | |
| 3.1 | Өнімді/ көрсетілген қызметтерді шығарудың басталған күні | | | | | |
| 3.2 | Өндірілген өнімнің/ көрсетілген қызметтің көлемі | | | | | |
| 3.3 | Пайдаланылған Шикізат және материалдардың көлемі (3-қосымша) | | | | | |
| 3.3.1 | | | | | | |
| және т.б. | | | | | | |

Осымен инвестициялық келісімшарттың жағдайға сәйкес сатып алынған тіркелген активтердің және берілген мемлекеттік заттай гранттың нысаналы мақсатының өзгертілмегенін және тіркелген активтер жалға берілмегенін, иеліктен айырылмағанын растаймыз. Көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және түпнұсқалылығын куәландырамыз.

Орындаушы ______________________________ Тел. ________________

Т . А . Ә . А

E-mail________________________ қолы ________________

Басқарушы ______________________________ Қолы ________________

Т.А.Ә.А

Бас бухгалтер __________________________ Қолы _____________ М.О.

Т.А.Ә.А

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК